

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігі Орта  
білім беру комитеті төрағасы

Қ.Б. Жұмантев

« 3 »

2025ж.



«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
вице-министрі

А.Ж. Сыдықов

« 4 »

2025ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Александр Селезнев атындағы  
Алматы хореографиялық  
училищесі» РМҚК директоры

А. Ж. Калиева

« 28 »

08

2025ж.



«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі»  
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны  
**ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫ**  
2025-2026 оқу жылы

Алматы – 2025 жыл

**«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі»  
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2025-2026 оқу жылына  
арналған жұмыс оқу жоспарына  
ТҮСІНІКТЕМЕ**

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 02150700 «Хореографиялық өнер» мамандығы бойынша мамандар даярлауды жүзеге асырады.

Училищеде негізгі орта білім беру бағдарламалары кәсіби хореографиялық арнайы біліммен интеграцияланып, техникалық және кәсіптік білім беру жүзеге асырылады.

1) Жұмыс оқу жоспарлары мына талаптарды ескере отырып жасалды:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» құжатына сәйкес, өнер саласындағы мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернаттар (мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернат-училище) үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (қосымша 75-8, 76-8);

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі жалпы білім беретін пәндер мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы);

«Оқушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы, 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 Оқу-ағарту министрінің бұйрығымен өзгерістер енгізілген);

«Орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтар тізбесін, мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендерді, орта білім беру ұйымдары үшін, соның ішінде электронды түрде, оқу-әдістемелік кешендерді бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы, өзгерістер ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен енгізілген, 2023 жылғы 3 шілдедегі №194 бұйрықтың редакциясында);

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді кредиттік технологияны ескере отырып жан басына шаққан нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы, өзгерістер 2023 жылғы 5 шілдедегі № 197 бұйрықпен енгізілген);

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз ету нормаларын бекіту

туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы, өзгерістер ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 3 шілдедегі № 193 бұйрығымен енгізілген);

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһаздармен қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы БҒМ-нің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығы).

Санитарлық ережелер: «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар», ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 05.08 № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген.

Нұсқаулық-әдістемелік хат: «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде 2025–2026 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы», Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесімен ұсынылған.

«Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарының тиісті түрлері мен типтерінің қызметі жөніндегі үлгілік ережелерді бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы).

«Хореографиялық өнер» мамандығы бойынша «Балет әртісі» біліктілігіне арналған оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларын іске асыруды қамтиды:

өнер саласындағы мамандандырылған музыкалық мектеп-интернаттар мен мамандандырылған мектептер үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (қосымша 75, 76),

өнер саласындағы мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернаттар (мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернат-училище) үшін «Хореографиялық өнер» мамандығының «Балет әртісі» біліктілігі бойынша үлгілік оқу жоспары (қосымша 75-8, 76-8).

«Хореографиялық өнер» мамандығының «Балет әртісі» біліктілігі бойынша негізгі орта білімнің жұмыс оқу жоспары инварианттық және вариативтік компоненттердің барлық бөлімдерінен тұрады.

Инварианттық компонент аясында «Дене шынықтыру» және «Технология және өнер» бағыттары бойынша оқу процесінде А. Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесінде мекеменің ерекшелігін көрсететін кәсіби цикл пәндері жүзеге асырылады.

«Дене шынықтыру» бөліміне кәсіби компоненттің келесі пәндері енгізілген:

«Тарихи-тұрмыстық би»;

«Классикалық хореография»;

«Халықтық-сахналық би».

Бұл пәндер оқу бейініне сәйкес жоғары физикалық жүктемені қамтамасыз етіп, «Дене шынықтыру» бөлімінің мақсаттары мен міндеттерін толық орындайды, үйлестіруді, күшті, төзімділікті және тәртіпті дамытады.

«Технология және өнер» бөліміне «Музыкалық сауат» пәні енгізілген, ол «Музыка» пәнінің қызметін атқарады, бірақ кәсіби бағыттылыққа бейімделген.

Музыкалық сауатты білу хореографиялық мамандықты меңгерудің ажырамас шарты болып табылады және есту, ырғақ, есте сақтау, музыкалық ойлау және сахналық мәдениетті дамыту үшін қажет.

Шығармашылық бейін мен білім беру бағдарламасының ерекшелігін ескере отырып, көрсетілген пәндер міндетті сипатта болып, білім стандарттарында қарастырылған қолданбалы кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Вариативтік компонент аясында «Инварианттық компоненттен таңдау пәндері» бөлімінде базалық мазмұнды тереңдетіп оқыту мен бекітуге, сондай-ақ үштілділік қағидатын іске асыруға бағытталған сегіз оқу пәні анықталған:

«Қазақ тілі»

«Орыс тілі»

«Ағылшын тілі»

«Қазақстан тарихы»

«Алгебра»

«Геометрия».

«Дене шынықтыру» пәні арнайы компоненттің «Классикалық хореография» пәнінде іске асырылды.

Музыка пәні қазақ ұлттық аспабы - домбырада ойнауды үйретуге және өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік мәдениеті мен патриоттық сезімдерін тәрбиелеуге, ұлттық мәдени мұраны құрметтеу мен сақтауға, сондай-ақ бұл аспапты білім алушылар арасында насихаттауға арналған.

Осылайша, инварианттық және вариативтік компоненттердің бөлімдерімен айқындалған оқу жүктемесі, сондай-ақ жұмыс оқу жоспарларының ең жоғары оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарларының 75, 76-қосымшаларының талаптарына сәйкес келеді.

2023–2024 оқу жылында өнер саласындағы мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернаттар (мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернат-училище) үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары (қосымша 75-8, 76-8) енгізілді. Ол Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» құжатына сәйкес әзірленді. Осы негізде 2025–2026 оқу жылына арналған бес жылдық кәсіби оқытудың (5–9 сыныптар) 1-кезеңінің жұмыс оқу жоспары жасалды.

5–9 сыныптардың жұмыс оқу жоспарына арнайы цикл пәндері (классикалық би – негізгі пән, музыкалық-ырғақтық тәрбие, тарихи-тұрмыстық би, қазақ биі, музыкалық аспапта ойнау негіздері – фортепиано), жалпы теориялық цикл (мамандыққа кіріспе, музыкалық әдебиет) және практика кіреді.

Арнайы пәндерді оқытудағы ерекшелік: оқытудың практикалық бағыттылығы, теориялық сабақ түрінің болмауы; кәсіби сахналық практиканың бірінші оқу жылынан бастап өткізілуі, ол оқу процесімен қатар жүзеге асырылады және негізгі біліктілік дағдысы болып табылатын сахналық орындаушылық қызметке бағытталады.

Кәсіби практиканың негізгі мақсаты – білім алушыларды кәсіби орындаушылық қызметке дайындау, практикалық сахналық дағдыларды дамыту (сахнада өнер көрсету және серіктерімен актерлік қарым-қатынас, артистизм, қойылымдық спектакльдің жаппай сахналарында қатысу, театрлық репетиция жұмысының дағдылары және т.б.), сондай-ақ классикалық және ұлттық хореографиялық мұраны меңгеру.

«Балет әртісі» біліктілігі бойынша оқудың бүкіл кезеңінде кәсіби практика кәсіби оқытудың құрамдас бөлігі болып, арнайы пәндердің оқу бағдарламаларының мазмұны мен кәсіби-сахналық практика бағдарламасының арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Кәсіби практиканың мазмұны жұмыс оқу бағдарламаларымен және училищенің шығармашылық қызметінің жоспарымен айқындалады.

Хореографиялық білім берудің ерекшелігін ескере отырып, факультативтік сағаттарға пән белгіленген: «классикалық хореография» 1 сағат (5 сынып) – ол міндетті пән болып табылады және классикалық хореографиялық мұраны, сондай-ақ сахналық өнер көрсету дағдыларын оқытады; «кәсіби француз тілі» 1 сағ. (6-9 сыныптар) – оны оқу негізгі балет терминологиясын меңгеру үшін міндетті болып табылады; «қазақ би» 2 сағ. (9 сынып) – кәсіби қазақ биін және ұлттық хореографиялық мұраны оқытатын міндетті пән. Бұдан басқа, бұл пәнді меңгеру келесі мақсаттар үшін қажет:

- ұлттық бірегейлікті ескере отырып, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру;
- құрылымында қазақ биі негізгі орын алатын қорытынды аттестаттаудан өту;
- ұлттық өнерді сақтауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік мәдени саясатты іске асыру.

Оқу топтары (жалпы білім беретін мектептің теориялық сабақтары үшін) 18 адамнан аспай жасақталады (санитарлық талаптар мен материалдық-техникалық базаның жағдайына сәйкес), ал арнайы пәндер бойынша (практикалық оқыту) – 8-ден 15 адамға дейін (курсы мен дайындық деңгейіне байланысты). Сонымен қатар, арнайы пәндер («Классикалық би», «Класс жұмысы») бойынша оқу топтары оқу кезеңінің бүкіл уақытында әр жыныс оқушылары мен студенттері үшін бөлек жүргізіледі.

Алғашқы үш оқу жылында «Ритмика», «Тарихи-тұрмыстық би» пәндері бойынша шағын топтық сабақтар ұйымдастырылады. «Музыкалық аспапта ойнау негіздері – фортепиано» пәні бойынша сабақтар – жеке, аптасына 1 сағат оқу жүктемесімен өтеді.

Оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс оқу жоспарларының апталық ең көп жүктемесі ТЖКББ ұйымдары үшін белгіленген 54 сағаттан аспайды және училищедегі білім алушылардың барлық оқу жұмыстарының түрлерін қамтиды: оқу процесі, факультативтік сабақтар, кәсіби сахналық практика.

Оқу жоспарындағы оқытушының сағаттарынан бөлек қосымша қарастырылады:

- концертмейстердің сағаттары - арнайы пәндер бойынша топтық сабақтарға бөлінген жалпы сағаттардың 100%-ы есебінен, сабақ барысында тұрақты музыкалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету үшін;

-оқытушының жетекшілігімен өткізілетін кәсіби сахналық практикаға арналған сағаттар.

Оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, оқу процесінің кестесіне сәйкес аяқталады.

Осылайша, «Балет әртісі» біліктілігіндегі «Хореография өнері» мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспарының бөлімдерімен айқындалған оқу жүктемесі, сондай-ақ жұмыс оқу жоспарларының ең жоғары оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарларының 75-8, 76-8-қосымшаларының талаптарына сәйкес келеді.

**«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» 2025-2026 оқу жылына өнер саласындағы мамандандырылған мектептерге арналған қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің оқу жұмыс жоспары**

| №<br>р/с                   | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |    |     |     |    | Жалпы жүктеме, сағат |        |
|----------------------------|---------------------------------|-------------------------------------|----|-----|-----|----|----------------------|--------|
|                            |                                 | 5                                   | 6  | 7   | 8   | 9  | апталық              | жылдық |
| Инварианттық компонент     |                                 |                                     |    |     |     |    |                      |        |
| I                          | Тіл және әдебиет                | 11                                  | 11 | 10  | 10  | 10 | 52                   | 1768   |
| 1                          | Қазақ тілі                      | 3                                   | 3  | 2   | 2   | 2  | 12                   | 408    |
| 2                          | Қазақ әдебиеті                  | 2                                   | 2  | 2   | 2   | 2  | 10                   | 340    |
| 3                          | Орыс тілі мен әдебиеті          | 3                                   | 3  | 3   | 3   | 3  | 15                   | 510    |
| 4                          | Шетел тілі                      | 3                                   | 3  | 3   | 3   | 3  | 15                   | 510    |
| II                         | Математика және информатика     | 6                                   | 6  | 4   | 4   | 4  | 24                   | 816    |
| 5                          | Математика                      | 5                                   | 5  | -   | -   | -  | 10                   | 340    |
| 6                          | Алгебра                         | -                                   | -  | 2   | 2   | 2  | 6                    | 204    |
| 7                          | Геометрия                       | -                                   | -  | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| 8                          | Информатика                     | 1                                   | 1  | 1   | 1   | 1  | 5                    | 170    |
| III                        | Жаратылыстану                   | 1                                   | 1  | 4   | 4   | 4  | 14                   | 476    |
| 9                          | Жаратылыстану                   | 1                                   | 1  | -   | -   | -  | 2                    | 68     |
| 10                         | Физика                          | -                                   | -  | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| 11                         | Химия                           | -                                   | -  | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| 12                         | Биология                        | -                                   | -  | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| 13                         | География                       | -                                   | -  | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| IV                         | Адам және қоғам                 | 3                                   | 3  | 2   | 2   | 3  | 13                   | 442    |
| 14                         | Қазақстан тарихы                | 2                                   | 2  | 1   | 1   | 1  | 7                    | 238    |
| 15                         | Дүниежүзі тарихы                | 1                                   | 1  | 1   | 1   | 1  | 5                    | 170    |
| 16                         | Құқық негіздері                 | -                                   | -  | -   | -   | 1  | 1                    | 34     |
| V                          | Технология және өнер*           | 1                                   | 1  | -   | -   | -  | 2                    | 68     |
| 17                         | Музыка                          | 1                                   | 1  | -   | -   | -  | 2                    | 68     |
| VI                         | Дене шынықтыру                  | 2                                   | 2  | 2   | 2   | 2  | 10                   | 340    |
| 18                         | Дене шынықтыру                  | 2                                   | 2  | 2   | 2   | 2  | 10                   | 340    |
| Инварианттық оқу жүктемесі |                                 | 24                                  | 24 | 22  | 22  | 23 | 115                  | 3910   |
| вариативтік компонент      |                                 |                                     |    |     |     |    |                      |        |
| Таңдау бойынша пәндер      |                                 | 2                                   | 3  | 6   | 7   | 8  | 26                   | 884    |
| 1                          | Қазақ тілі                      | 1                                   | 1  | 1   | 1   | 1  | 5                    | 170    |
| 2                          | Орыс тілі                       |                                     | 1  | 1   | 1   | 1  | 4                    | 136    |
| 3                          | Шетел тілі -ағылшын             |                                     |    | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| 4                          | Қазақстан тарихы                |                                     |    | 0,5 | 0,5 | 1  | 2                    | 68     |
| 5                          | Алгебра                         |                                     |    | 1   | 1   | 1  | 3                    | 102    |
| 6                          | Геометрия                       |                                     |    |     |     | 1  | 1                    | 34     |

|                                   |                |             |             |             |             |           |            |             |
|-----------------------------------|----------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-----------|------------|-------------|
| 7                                 | Дене шынықтыру |             |             |             | 2           | 2         | 4          | 136         |
| 8                                 | Музыка, домбра | 1           | 1           | 1,5         | 0,5         |           | 4          | 136         |
| Жаһандық құзыреттілік             |                | 0,5         | 0,5         | 0,5         | 0,5         | 1         | 3          | 102         |
| Дене шынықтыру: кәсіби гимнастика |                | 1           | 1           | 1           | 1           | 1         | 5          | 170         |
| Вариативті оқу жүктемесі          |                | 3,5         | 4,5         | 7,5         | 8,5         | 10        | 34         | 1156        |
| <b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>   |                | <b>27,5</b> | <b>28,5</b> | <b>29,5</b> | <b>30,5</b> | <b>33</b> | <b>149</b> | <b>5066</b> |

Ескерту: Жоғары физикалық жүктемені (хореография) көздейтін мамандықтар үшін "Дене шынықтыру" және "Дене шынықтыру: спорттық ойындар" пәндері бойынша сабақтар мамандандырылған компонент шеңберінде іске асырылады.

**«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» 2025-2026 оқу жылына өнер саласындағы мамандандырылған мектептерге арналған орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің оқу жұмыс жоспары**

| №                      | Білім салалары және оқу пәндері | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |    |    |    |    | Жалпы жүктеме, сағат |        |
|------------------------|---------------------------------|-------------------------------------|----|----|----|----|----------------------|--------|
|                        |                                 | 5                                   | 6  | 7  | 8  | 9  | апталық              | жылдық |
| Инварианттық компонент |                                 |                                     |    |    |    |    |                      |        |
| I                      | Тіл және әдебиет                | 12                                  | 12 | 10 | 10 | 10 | 54                   | 1836   |
| 1                      | Орыс тілі                       | 3                                   | 3  | 2  | 2  | 2  | 12                   | 408    |
| 2                      | Орыс әдебиеті                   | 2                                   | 2  | 2  | 2  | 2  | 10                   | 340    |
| 3                      | Қазақ тілі мен әдебиеті         | 4                                   | 4  | 3  | 3  | 3  | 17                   | 578    |
| 4                      | Шетел тілі                      | 3                                   | 3  | 3  | 3  | 3  | 15                   | 510    |
| II                     | Математика және информатика     | 6                                   | 6  | 4  | 4  | 4  | 24                   | 816    |
| 5                      | Математика                      | 5                                   | 5  | -  | -  | -  | 10                   | 340    |
| 6                      | Алгебра                         | -                                   | -  | 2  | 2  | 2  | 6                    | 204    |
| 7                      | Геометрия                       | -                                   | -  | 1  | 1  | 1  | 3                    | 102    |
| 8                      | Информатика                     | 1                                   | 1  | 1  | 1  | 1  | 5                    | 170    |
| III                    | Жаратылыстану                   | 1                                   | 1  | 4  | 4  | 4  | 14                   | 476    |
| 9                      | Жаратылыстану                   | 1                                   | 1  | -  | -  | -  | 2                    | 68     |
| 10                     | Физика                          | -                                   | -  | 1  | 1  | 1  | 3                    | 102    |
| 11                     | Химия                           | -                                   | -  | 1  | 1  | 1  | 3                    | 102    |
| 12                     | Биология                        | -                                   | -  | 1  | 1  | 1  | 3                    | 102    |
| 13                     | География                       | -                                   | -  | 1  | 1  | 1  | 3                    | 102    |
| IV                     | Адам және қоғам                 | 3                                   | 3  | 2  | 2  | 3  | 13                   | 442    |
| 14                     | Қазақстан тарихы                | 2                                   | 2  | 1  | 1  | 1  | 7                    | 238    |
| 15                     | Дүниежүзі тарихы                | 1                                   | 1  | 1  | 1  | 1  | 5                    | 170    |
| 16                     | Құқық негіздері                 | -                                   | -  | -  | -  | 1  | 1                    | 34     |
| V                      | Технология және өнер            | 1                                   | 1  | -  | -  | -  | 2                    | 68     |

|                                   |                     |             |             |             |             |           |            |             |
|-----------------------------------|---------------------|-------------|-------------|-------------|-------------|-----------|------------|-------------|
| 17                                | Музыка              | 1           | 1           | -           | -           | -         | 2          | 68          |
| VI                                | Дене шынықтыру *    | 2           | 2           | 2           | 2           | 2         | 10         | 340         |
| 18                                | Дене шынықтыру *    | 2           | 2           | 2           | 2           | 2         | 10         | 340         |
| <b>Инварианттық оқу жүктемесі</b> |                     | <b>25</b>   | <b>25</b>   | <b>22</b>   | <b>22</b>   | <b>23</b> | <b>117</b> | <b>3978</b> |
| <b>Вариативтік компонент</b>      |                     |             |             |             |             |           |            |             |
| <b>Таңдау бойынша пәндер</b>      |                     | <b>1</b>    | <b>2</b>    | <b>6</b>    | <b>7</b>    | <b>8</b>  | <b>24</b>  | <b>816</b>  |
| 1                                 | Қазақ тілі          | 1           | 1           | 1           | 1           | 1         | 5          | 170         |
| 2                                 | Орыс тілі           |             | 1           | 1           | 1           | 1         | 4          | 136         |
| 3                                 | Шетел тілі -ағылшын |             |             | 1           | 1           | 1         | 3          | 102         |
| 4                                 | Қазақстан тарихы    |             |             | 0,5         | 0,5         | 1         | 2          | 68          |
| 5                                 | Алгебра             |             |             | 1           | 1           | 1         | 3          | 102         |
| 6                                 | Геометрия           |             |             |             |             | 1         | 1          | 34          |
| 7                                 | Дене шынықтыру      |             |             |             | 2           | 2         | 4          | 136         |
| 8                                 | Музыка, домбра      |             |             | 1,5         | 0,5         |           | 2          | 68          |
| Жаһандық құзыреттілік             |                     | 0,5         | 0,5         | 0,5         | 0,5         | 1         | 3          | 102         |
| Дене шынықтыру: кәсіби гимнастика |                     | 1           | 1           | 1           | 1           | 1         | 5          | 170         |
| Вариативті оқу жүктемесі          |                     | 2,5         | 3,5         | 7,5         | 8,5         | 10        | 32         | 1088        |
| <b>Ең жоғарғы оқу жүктемесі</b>   |                     | <b>27,5</b> | <b>28,5</b> | <b>29,5</b> | <b>30,5</b> | <b>33</b> | <b>149</b> | <b>5066</b> |

**«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» 2025-2026 оқу жылына қазақ тілінде жүргізілетін өнер саласындағы мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернаттарына (мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернат-училище) арналған жұмыс оқу жоспары**

| №<br>р/с | Оқу пәндері                                  | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |    |    |    |    | Жалпы жүктеме, сағат |            |
|----------|----------------------------------------------|-------------------------------------|----|----|----|----|----------------------|------------|
|          |                                              | 5                                   | 6  | 7  | 8  | 9  | апта<br>лық          | жылды<br>қ |
|          | Арнайы цикл                                  |                                     |    |    |    |    |                      |            |
| 1        | Классикалық би                               | 12                                  | 12 | 12 | 12 | 12 | 60                   | 2040       |
| 2        | Музыкалық-ырғақтық тәрбие                    | 1                                   |    |    |    |    | 1                    | 34         |
| 3        | Тарихи-тұрмыстық би                          |                                     | 2  | 4  |    |    | 6                    | 204        |
| 4        | Музыкалық аспап фортепианода ойнау негіздері | 1                                   | 1  | 1  | 1  | 1  | 5                    | 170        |
|          | Барлығы                                      | 14                                  | 15 | 17 | 13 | 13 | 72                   | 2448       |
|          | Жалпы теориялық дайындық                     |                                     |    |    |    |    |                      |            |
| 5        | Мамандыққа кіріспе                           | 1                                   |    |    |    |    | 1                    | 34         |
| 6        | Музыкалық әдебиет                            |                                     |    |    | 2  |    | 2                    | 68         |
|          | Барлығы                                      | 1                                   |    |    | 2  |    | 3                    | 102        |

| Практика                                                |                         |           |           |           |           |           |           |             |
|---------------------------------------------------------|-------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------|
| 7                                                       | Сахналық практика       | 1         | 4         | 4         | 4         | 4         | 17        | 578         |
|                                                         | <b>Барлығы</b>          | <b>1</b>  | <b>4</b>  | <b>4</b>  | <b>4</b>  | <b>4</b>  | <b>17</b> | <b>578</b>  |
|                                                         | <b>Жиынтығы</b>         | <b>16</b> | <b>19</b> | <b>21</b> | <b>19</b> | <b>17</b> | <b>92</b> | <b>3128</b> |
| <b>ФС Факультативтер аптасына 4 сағаттан артық емес</b> |                         |           |           |           |           |           |           |             |
|                                                         | Классикалық хореография | 1         |           |           |           |           | 1         | 34          |
|                                                         | Кәсіби француз тілі     |           | 1         | 1         | 1         | 1         | 4         | 136         |
|                                                         | Мамандыққа кіріспе      |           |           | 1         | 1         | 1         | 3         | 102         |
|                                                         | Қазақ биі               |           |           |           |           | 2         | 2         | 68          |
|                                                         | <b>Барлығы</b>          | <b>1</b>  | <b>1</b>  | <b>2</b>  | <b>2</b>  | <b>4</b>  | <b>10</b> | <b>340</b>  |

«Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі» 2025-2026 оқу жылына орыс тілінде жүргізілетін өнер саласындағы мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернаттарына (мамандандырылған хореографиялық мектеп-интернат-училище) арналған жұмыс оқу жоспары

| №<br>р/с | Оқу пәндері                                  | Сыныптар бойынша апталық сағат саны |    |    |    |    | Жалпы жүктеме,<br>сағат |        |
|----------|----------------------------------------------|-------------------------------------|----|----|----|----|-------------------------|--------|
|          |                                              | 5                                   | 6  | 7  | 8  | 9  | апталық                 | жылдық |
|          | Арнайы цикл                                  |                                     |    |    |    |    |                         |        |
| 1        | Классикалық би                               | 12                                  | 12 | 12 | 12 | 12 | 60                      | 2040   |
| 2        | Музыкалық-ырғақтық тәрбие                    | 1                                   |    |    |    |    | 1                       | 34     |
| 3        | Тарихи-тұрмыстық би                          |                                     | 2  | 4  |    |    | 6                       | 204    |
| 4        | Музыкалық аспап фортепианода ойнау негіздері | 1                                   | 1  | 1  | 1  | 1  | 5                       | 170    |
|          | Барлығы                                      | 14                                  | 15 | 17 | 13 | 13 | 72                      | 2448   |
|          | Жалпы теориялық дайындық                     |                                     |    |    |    |    |                         |        |
| 5        | Мамандыққа кіріспе                           | 1                                   |    |    |    |    | 1                       | 34     |
| 6        | Музыкалық әдебиет                            |                                     |    |    | 2  |    | 2                       | 68     |
|          | Барлығы                                      | 1                                   |    |    | 2  |    | 3                       | 102    |
|          | Практика                                     |                                     |    |    |    |    |                         |        |
| 7        | Сахналық практика                            | 1                                   | 4  | 4  | 4  | 4  | 17                      | 578    |
|          | Барлығы                                      | 1                                   | 4  | 4  | 4  | 4  | 17                      | 578    |

|           |                                                      |           |           |           |           |           |           |             |
|-----------|------------------------------------------------------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-----------|-------------|
|           | <b>Жиынтығы</b>                                      | <b>16</b> | <b>19</b> | <b>21</b> | <b>19</b> | <b>17</b> | <b>92</b> | <b>3128</b> |
| <b>ФС</b> | <b>Факультативтер аптасына 4 сағаттан артық емес</b> |           |           |           |           |           |           |             |
|           | Классикалық хореография                              | 1         |           |           |           |           | 1         | 34          |
|           | Кәсіби француз тілі                                  |           | 1         | 1         | 1         | 1         | 4         | 136         |
|           | Мамандыққа кіріспе                                   |           |           | 1         | 1         | 1         | 3         | 102         |
|           | Қазақ биі                                            |           |           |           |           | 2         | 2         | 68          |
|           | <b>Барлығы</b>                                       | <b>1</b>  | <b>1</b>  | <b>2</b>  | <b>2</b>  | <b>4</b>  | <b>10</b> | <b>340</b>  |

Оқу-ісі жөніндегі директордың орынбасары



**Т.Ж. Карменова**